

## БАСҚОСУ

# Жаңа бағдарлама әлеміндегі психолог



Жуырда Арқалық қаласы білім белемінің үй-ымдастыруымен Кейкі батыр атындағы №4 орта мектептің қабырғасында мамандардың тәжірибе алмасуын мақсат еткен Арқалық қалалық педагог-психологтар семинары етті.

«Жаңартылған білім беру мазмұндағы психолог қызметі. Бір команда болып жұмыс жасаймыз: психологтың мұғалімдермен, отбасымен біріккен жұмысы» тақырыбында үйимдастырылған семинарга Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенттері қатысты. Бұл оларға білім алғы жатқан мамандықтарының қыр-сырымен жіті танысуга септігін тигізді.

Бірінші білім – мұғалімдермен жұмыс мектептегі ұстаздар мен

окушылардың тиімді қарым-қынасын қалыптастыру, мұғалім іс-әрекеті аясында өрбіді. Мектеп пен ата-аналар ынтымақтастырылған білім «Бала бақыт бастауы, отбасы алтын діңгегі» тақырыбында тренинг ретінде жалғастырылды. Мұнда қатысушылар бірқатар тапсырмаларға жауап беріш, өз ойларын ортаға салды. Сондай-ак, педагог-психолог мамандардың окушылармен жұмысы, байланысы, олардың бойына жағымды қасиеттерді қалыптастыру тұрғысында жаттыгулар еткізілді.

Педагогтің шеберлігі қанша жоғары болса да, ол баланың белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Окушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Психолог педагогикалық үдерістің талапқа сай жүрүү үшін, ұжым арасында әрі үйимдастырушы, әрі ағартушы, әрі кеңесші

бала білу керек.

Калалық білім белемінің әдістемелік кабинетінің менгерушісі Елена Сысоева мен педагог-психолог Жадыра Кожахметова атамыш семинарды үйимдастыруда мектеп-ата-ана-окушы ынтымақтастырылған берік ету мақсатын алға қойды. Осы түркінде жыныға қатысқан педагог-психологтардың бір команда больш жұмыс істеуі межелеген үрдісті жүзеге асыра алды.

Аудыл, кала мамандарының басын қосқан семинар ете жоғары деңгейде етті. Бір-бірімен тәжірибе алмасып, кын да қызықты жұмысты жаңа күшпен жалғастыруға толық негіз бар деп айтта аламын.

**Нұргул ШАЙХИСТАНОВА,  
«Балдаурен» балабақшасы  
педагог-психологи,  
Арқалық қаласы,  
Фурманов ауылы**